

ҒТАР 16.21.61

Ғылыми мақала

Ж.С. Таласпаева*М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,**Петропавл қ., Қазақстан**(E-mail: talaspaeva@inbox.ru)***Рух пен сөз үндестігі: Мағжан, Абай және Жүсіп Баласағұн шығармаларындағы түркілік концептілер бірлігі**

Аңдатпа. Бұл мақалада ХХ ғасырдың басындағы көрнекті ақын Мағжан Жұмабаевтың шығармаларындағы түркілік концептілер жүйесі жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында ақын поэзиясында кездесетін «Күн», «Отан», «Бірлік», «Ерлік», «Аруақ», «Тәңір» сияқты ұғымдардың мән-мағынасы ашылып, олардың қазақ халқының тарихи жады мен ұлттық дүниетанымындағы орны мен қызметі талданады. Бұл концептілер тек тілдік құрал емес, сонымен қатар халықтың рухани болмысын бейнелейтін көркемдік-когнитивтік бірліктер ретінде бағаланады. Мағжан Жұмабаев – түркілік рухани мұраның жалғастырушысы ғана емес, оны жаңа заманның талаптарына сай түрлендіріп, қазақ әдебиетінде терең философиялық мазмұнмен өрнектей білген ақын. «Тәңір» мен «Аруақ» концептілері арқылы оның поэзиясында мифопоэтикалық, эпикалық сипаттармен қатар, тарихи және экзистенциалдық ой-түйіндер көрініс табады. Мақалада Мағжан поэзиясындағы бұл концептілер Абай Құнанбайұлы мен Жүсіп Баласағұн шығармаларымен салыстырылады. Түркілік дүниетанымның сабақтастығы мен көркемдік дәстүр жалғастығы мәселелері де сөз болады. Сонымен қатар, ақын лирикасындағы ұлттық мінез, фольклорлық дәстүрлер, мәдени кодтар мен тарихи сана мәселелері де қамтылады. Ақын шығармаларының тілдік көркемдігі, метафоралық өрнегі және поэтикалық құрылымы да назардан тыс қалмайды. Мағжан поэзиясы арқылы ұлттық сана мен идеяның жаңғыруы көркем тілде бейнеленіп, оның қазақ әдебиетіндегі орны айқындалады.

Түйін сөздер: Мағжан Жұмабаев, концепт, түркілік дүниетаным, Құтты білік, Абай, лингвомәдениеттану

DOI: <https://doi.org/10.71078/tpyzq844>

Түсті: 28.09.2025; Мақұлданды: 29.09.2025; Онлайн қолжетімді: 3.10.2025.

Кіріспе

Қазақ әдебиетінің тарихында айрықша орны бар Мағжан Жұмабаев – рухани тереңдігімен, философиялық ой толғамымен ерекшеленетін көркемсөз шебері. Мағжан лирикасының сезімшілдігі мен сыршылдығы, суреткерлігі мен ойшылдығы оқырманын талай рет тамсандырып, талай рет тәнті еткеніне кәміл сенеміз. Атын атауға жасқанып, бұқпантайлаған заманда да сұлу поэзия жасырын оқыған талай жүректі өзіне баурап, өзгеше күйге бөлегені шындық. Мағжан поэзиясының осындай құдірет күшін өз замандастары толық мойындап, кейбіреуі ашық, кейбіреуі жұмбақтап болса да жазып та, айтып та кеткен. Мұндайда аузымызға ілінері – Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытов. Ол Мағжан шығармашылығын кең талдап, Мағжанды солақай сыншылдардың зорлығынан арашалауға бар күшін салып, оның ақындығына өз бағасын беріп, «Мағжанды суретшілік жағынан сөзсіз Пушкинге теңеуге болады» – деп ашық айтса, Мағжан туралы академик Әлкей Марғұлан: «Қазақ халқы үшін Мағжан Жұмабаевтың маңыздылығы ағылшындар

үшін – Шекспирдің, орыстар үшін – Пушкиннің маңыздылығынан кем емес» деп баға берген (Сүлейменов, 2008). Кез келген талантты суреткерге өнердің негізін салу бұйырмаса, Мағжанға ол дарыған. Оның өлеңдерінде уытты, қуатты бойға жігер, жанға от беретін құдіреттің бар екендігі де сондықтан. Мағжан поэзиясының құдіреттілігі сол – ол оқырмандарына көтеріңкі көңіл күй, бойға рух, жаңа жігер береді. Мағжан поэзиясының құдіреттілігі сол – жастардың қанындағы ұлттық рухты күшейтеді, отаншылдық сезімін арттырады. Оларды жаужүрек батырлыққа тәрбиелейді. Мағжан өлеңдері жастарды елін, жерін сүйуге тәрбиелейді, өлеңдерін жастарды тәрбиелейтін құрал ретінде пайдалану керектігі де содан. Өзіне дейінгі және өзінен кейінгі ақындардан басты айырмашылығы сөздерінің қуаттылығында. Бұл оның ішкі шығармашылық құдіретінің барынша зор болғанына дәлел.

Мағжан XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілі ғана емес, сонымен қатар түркілік рухты жаңғыртушы ақын. Оның шығармаларында ұлттық болмыс пен кең түркілік таным астасып жатады. Мағжан поэзиясынан түркілік дүниетанымның, елшілдік сананың, мәдени бірегейліктің, мифопоэтикалық кеңістіктің ізін анық көруге болады.

Зерттеу барысында Мағжан Жұмабаевтың шығармаларында түркілік концептілер терең тамыр жайғаны анықталды. «Күн», «Отан», «Бірлік», «Ерлік», «Тәңір», «Аруақ» секілді ұғымдар – тек лексикалық бірліктер ғана емес, мәдени-танымдық мазмұны терең концептілер. Бұл концептілер Мағжан шығармаларында поэтикалық бейнелеу құралдары арқылы көрініс тапқан. Сонымен қатар, олардың «Құтты білік» пен Абай шығармаларымен үндестігі ақынның түркілік рухани мұраның заңды жалғастырушысы екенін көрсетеді.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Мағжан шығармашылығы кең көлемде зерттеліп келеді. Ақынның шығармашылық болмысын Жүсіпбек Аймауытовтан бастап бүгінгі күнге дейін біршама ғалымдар зерттеген. С. Мұқанов, С. Қирабаев, Т. Кәкішев, Ш. Елеуенов, З. Ахметов, Д. Әлкебаева, Б. Қанарбаева, Е. Тлешов т.б. еңбектері мен М. Базарбаев, З. Қабдолов, Р. Бердібаев, Т. Есембеков, Ш. Ыбыраев, Б. Әбілқасымов, т.б. ғалымдардың мақалалары бар. Кезінде Мағжантанудың алғашқы кірпішін қалаған Жүсіпбек Аймауытов: «Қазақ әдебиетіне Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес, орыстың символизмін (бейнешілдігін) қазаққа аударды, өлеңді күйге (музыкаға) айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді, жаңа өлшеулер шығарды. Романтизмді күшейтті, тілді ұстартты», – деп ақын ұстанымының көркемдік болмысын тап басып таныған болатын (Сүлейменов, 2008). С. Мұқанов: «Ақындық жағына келгенде Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ» – деп шындықты ашып айтады. Академик С. Қирабаев: «Мағжан бүкіл ұлтқа тән ұғым-сезімнің, поэтикалық өнердің шекарасын кеңейтіп, қазақ әлемінің жан дүниесін ашып берді. Оның таза қазақтық рухы кімнен де болса жоғары. Мағжан суреткерлігі бүкіл қазақтың өмір үшін күресі мен қайғысын тұтас қамтиды. Халықтың сан-салалы тіршілігінің ол үшін бөтені жоқ. Бәрі де Мағжан қаламында өлең боп ойнап, сыңғырлап, сылдырап, жалтырап кетеді. Барлық ұлы ақындар сияқты, Мағжанға да шындықты сезінудің сиқырлы күші дарыған. Мағжан ақындығының құпиясы оның өз тұсының шындығын дәл бейнелеуінде ғана емес, өлеңінің сиқырлы күшінде. Ол бірде өмірдің күлкісіндей қуанышты бейнелесе, бірде жылаған, қайғы тұтқан қазақтың жан сезімін көрсетеді, ақын осындай алмасып, ауысып жатқан дүниенің бір сәттік қозғалысын көз алдыға әкеледі және ол лып етіп өте шығады. Мағжанның ақындық жолының күрделілігі де осында» – деп Мағжанның ақындық болмысының табиғатын

тап басып таныды (Қабдолов, 2007). Мағжан поэзиясындағы ұлттық болмыс, түркілік идея мәселесі де ғалымдардың назарынан тыс қалған жоқ. Сонымен қатар лингвомәдени және концептологиялық тұрғыдан М. Копыленко, Е. Жанпейісов, Г. Смағұлова, Қ. Рысберген сынды зерттеушілер концепт мәселесін талдап, әдебиет пен тіл бірлігін тереңнен қозғады. Алайда Мағжан концептілерін «Құтты білік» пен Абай мұрасымен сабақтастықта қарастырған кешенді зерттеу жұмыстары аз кездеседі. Бұл өз кезегінде мақала тақырыбының ғылыми өзектілігін көрсетеді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Мағжан Жұмабаев шығармашылығындағы концептосфера ғаламдық кеңістігіне түрік, ұлт, күн, ай, шығыс, батыс және тағы да басқа түсініктері енеді. Жүргізілген талдау нәтижесінде Мағжан поэзиясындағы концептілердің «Құтты білік» пен Абай шығармаларымен терең мазмұндық және рухани үндестікте екендігі анықталды. Бұл концептілер – ұлттық ойлау жүйесінің, дүниетанымының, болмыс философиясының өзегі. Концепт ұғымы тіл білімінде «адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері» (А. Вежбицкая), «Жеке тұлғаның санасындағы түсініктер, бейнелер мен ассоциациялардың жиынтығы» (Д. Лихачев), «ұлттың мәдени менталдығын танудың кілті» (В. Гумбольдт) тәрізді анықтамалармен беріліп жүр» (Джусупов, 2004).

Мағжан шығармаларындағы түркілік концептілер – оның қазақты түркі өркениетімен байланыстыра отырып, рухани серпіліске жеткізуді көздегенінің айғағы. «Тәңір», «Аруақ», «Ерлік» секілді ұғымдар Мағжан шығармашылығында жалаң емес, поэтикалық әрі рухани тереңдікте көрініс табады. Абайда бұл концептілер әлеуметтік-философиялық мазмұнда талданса, Жүсіп Баласағұн еңбегінде мемлекет басқару, мораль философиясы контекстінде өрбиді. Осы тұрғыдан алғанда, үш автордағы концептілер – қазақ дүниетанымының дамуын көрсететін мазмұнды желі болып табылады. Мағжанның концептілері поэтикалық тілмен астасып, ұлттық сананың көркемдік экспликациясы ретінде қызмет етеді. Осы арқылы ақын түркілік дүниетанымды жаңа көркемдік деңгейде бейнелеп, оны ХХ ғасыр оқырманына ұсынды. Бұл бағытта Абайдың адамгершілік-этикалық ілімі мен Жүсіп Баласағұнның мемлекеттік-идеологиялық көзқарастары Мағжан поэзиясымен тоғысып жатады. Зерттеу нәтижесінде осы үш автор шығармаларындағы концептілік сабақтастық анықталды.

Күн концептісі. Күн – адам баласының танымында ежелден нұрдың, өмірдің, жылылық пен үміттің символы. Қазақтың үш ұлы ойшылы – Жүсіп Баласағұн, Абай Құнанбайұлы және Мағжан Жұмабаев – бұл табиғи құбылысты әр дәуірдің рухани мұратына сай терең мәнмен бейнелеген. Ақынның поэзиясында күн – жалындаған рухтың, асқақ шабыттың, тектіліктің белгісі. Ол өзін «Күннен туған баламын» деп сипаттай отырып, өзінің де, халқының да тегін күнмен байланыстырған. Мағжан үшін күн – романтикалық рухтың, сұлулық пен сезімнің шыңы. Бұл бейне – ұлттық болмыстың көркем коды, жанып тұрған жүрек пен оттай лапылдаған сөздің қайнар көзі. Мағжанның пікірінше, күннің бейнесі – адамдардың жүрегіндегі мейірімділік пен жылулықтың өзегі болып табылады.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?

«Мен кіммін?» деген өлеңіндегі автордың образы – бұл аспан түс бейнесі. Ал, «От» деген өлеңінде ақын басқа салыстыруға көшеді, мен – күн баласымын деп жырлайды. Ақынның тізбегінде бірінен бірі туындап жататын ұғымдарды аңғарамыз. Күн – от – құдай немесе күн – бұл от деп тізбектеле түседі. Мен келемін, мен Пайғамбар, Күн ұлы – деп жырлаған, өзінің туған ұлтының аспандағы Айы, көгіндегі Күні, ақыл-ойының,

парасатының өлшемі, асқар биігі, мақтанышы, тағзым етер тұлғасы болуға ұмтылысын танытып үлгерген дауылпаздың нақ өзі еді.

Мағжанның шығармашылығына қарасақ, туған халқының, бүкіл түркі жұртының, Шығыс мәдениетінің, жалпы адамзаттың тағдыры ойландырады. Ес білгеннен көкжиекке дейін керілген кең байтақ даланы тамашалап, еркін өскен, елінің өткен даңқты тарихы мен ертегі-аңыздарын құлағына құйып ер жеткен ақын бойында, өршіл ұлттық рух жырларында төгіліп тұрады.

«От» өлеңінде бейнеленген көріністер, отты ғаламшар, отты кеңістік – барлығы ғаламшар кеңістігі. Оның бір ғана өлеңін оқып, Мағжан Жұмабаевтың дүниесін аша түсеміз. Өлеңінде бірнеше метафоралар кездеседі: мен – күн баласымын, мен – отпын, мен – оттың баласымын, мен – жебемін.

Ақынның «от» деп отырғаны – халықтың ұлттық рухы. Ұлттың тарихи оның философиялық зердесін оятып, елдің рухын көтеру арқылы ғана тәуелсіздікке қол жеткізуге, тіпті, әлем халқына өз өркениетінді танытуға болады деп есептейді. Ғаламшар концептісіне тоқталған тұста, өзінің өлеңдерінде Мағжан дәл суреттеген құдайдың бейнесіне тоқталмасақ болмас. Оның дәлдігі сипаттауларда емес, оның функцияларында, құдайдың әрекетінде еді. «Мен жастарға сенемін» өлеңінде:

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге ғана бағынам.

Ақын от және қараңғылық деп қарама-қайшы қояды. От қараңғылықты оятады, құдай онымен күреске түседі, күннің шығуымен қараңғылық жойыла түседі. Өзінің шығармашылығымен ақын жарық әкеледі, жан дүниесін аша түседі.

Оның барлық өлеңдерінің мағынасы бір түсінікте «от құдайының баласы» негізінде жатыр. От құдайының баласы күннің шығуымен туып, күннің батуымен өледі.

«Туған жер» өлеңдерінің қатарларын оқыған тұста, еріксіз мына мақалды еске түсіресің, «өзге елде, күн де жылытпайды».

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық – алтын, қайтып келмес күнімде
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.

Ақын өз елінің нағыз патриоты ретінде өзге елдің күнін де мойындамайды. Туған елде аспан да, жер де тамаша. Әр өлең сайын күн концептісінің динамикасы өсе түседі: ол адамдардың жүрегін жылыта түседі, от шашады, қараңғылықты жояды, жан дүниенді жылытады, сезімді қатайтады. Біз үшін күннің жылуы – бұл әрдайым позитивті эмоция, қуаныш және бақыт.

Жаратылдым топырағыңнан, сен – түбім.
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.
Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім

Күн – өмір бойы тұратын аспандық көрініс. Ол жерде болып жатқанның бәріне куә. Ол біздің бабаларымыз үшін жарығын түсіріп тұрды, енді бізге де және болашақ ұрпағымыз үшін де жарығын түсіреді.

«Түркістан» өлеңінен біз өзімізді қызықтыратын сұраққа жауап табамыз: Неге автор өзін дәл осы күнмен теңестірді? Ақын ұлты бойынша қазақ, түріктердің тұқымы. Оның қанында түріктің ыстық қаны ағып тұр. Түріктер – жауынгер халық. От және қылышпен күш көрсетті, өз жерін қорғады.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен, – деп жырлаған.

Абай күнді одан да терең, рухани тұрғыдан бейнелейді. «Көңілім қайтты дүниеден...» өлеңінде

«Күнде көзіңді ашқанмен,
Көре алмайсың шын жарық...» деп толғанады.

Бұл жолдарда Абай ақиқаттың нұрын көру тек көзге емес, жүрек пен ақылға байланысты екенін меңзейді. Ақынның дүниетанымында күн – ақиқаттың көзі, жүрек пен ақылдың оянып, шындықты көруі. Күннің сәулесі – білім мен танымның нұры, ал қараңғылық – надандық пен рухани соқырлық. Абай: «Күнде көзіңді ашқанмен, көре алмайсың шын жарық» дей отырып, адамның көзі емес, жүрегі көруі керек екенін меңзейді. Бұл жерде күн – рухтың көзін ашатын кемелдікке бастар символ.

Жүсіп Баласағұн өз дәуірінің ақылгөйі ретінде «Құтты білік» дастанында күн бейнесін биліктің әділеттілігі мен даналықтың нышаны ретінде береді. «Күн шықпаса, әлем қараңғы, Хан әділ болмаса, ел қасіретті» деп егіздеуді қолдана отырып ел басқаратын басшының әрекетімен байланыстырады. Оның пайымынша, күнсіз әлем қараңғы болса, әділ басшысыз елдің күйі мүшкіл. Күн – тек жарық көзі емес, елге бағыт көрсетуші, халыққа жол сілтеуші.

Осылайша, әр ақынның шығармашылығында күн бейнесі өзінің ерекше философиялық әрі көркемдік қызметін атқарады. Жүсіп Баласағұнда – күн әділет пен тәртіптің белгісі болса, Абайда – рухани ағартудың сәулесі, ал Мағжанда – поэзия мен ұлт рухының мәңгілік символы. Бір ғана табиғи нысан – күн, үш ойшылда үш түрлі мағынаға ие болып, олардың әрқайсысының дүниетанымына, дәуіріне, көркемдік танымына сай жаңаша мазмұнға ие болады. Бұл – қазақ әдебиетінің терең философиялық болмысы мен бай көркемдік әлемінің айғағы.

Туған жер концептісі. «Туған жер» концептісінің негізгі ұғымдары: Кіндік кесіп, кір жуған мекен; Алтын бесік; Шыбын-шіркей қуған жер; Қасиетті топырағыңнан айналдым; Ата-бабадан қалған асыл мұра; Алтын бесік; Жер ана; Бұл жарыққа аяқ басып туған жер; Алтын ұя; Алты алаш; Жасыл жайлау; Қасиетті мекен; Топырағыңнан жаратылдым; Еркіндік т.б.

Мағжан үшін туған жер – Түркі рухының алтын ұясы, жанын беруге даяр перзенттің жүрек қылын тербететін киелі мекен. Ол туған елін тек жер ретінде емес, анасы, тектілігінің тамыры, елдік пен ерлікке жетелейтін күш ретінде көреді.

«Туған жерім – Сасықкөл,
Сүйем сені – жасыл көл!»

.....

Ер түріктің ұрпағымын,
Түрік – менің қанымда!

Мағжан туған жердің бір тамшы суын да, бір шөкім құмын да қасиет тұтып, сол үшін күреске, азаттыққа шақырады. Оның туған жерге деген сезімі – патриоттық пафос пен лирикалық нәзіктіктің тұтастығы.

Мағжан үшін Отан – тек географиялық ұғым емес, киелі, рухани кеңістік. Ол «Туған жер» атты өлеңінде: «Туған жер! Туған ел! Туған көлім!» – деп тебірене жырлайды. Бұл жолдарда «жер», «ел», «көл» сөздері тек табиғи объект емес, эмоционалды-экзистенциалды концептілер ретінде көрінеді.

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,

Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық- алтын, қайтып келмес күнімде
Ойын-ойнап, шыбын шіркей қуған жер.

Ақынның Туған жер концептісінің гештальты сағыныш (Тәтті суың дәмі аузымнан еш кетпес, Қалың нуың, қыр, суыңа жер жетпес), сүйіспеншілік (Сенен басқа жерде маған қараңғы, Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім, Жаратылдым топырағыңнан, сен-түбім, Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім), балалық шақ (Балақ түріп, қозы қуып, жарысып, Батпағында тең құрбымен алысып, Түнде-ақсүйек, алтыбақан, ал күндіз, Үйретем деп асау тайға жабысып), жастық шақ (Жастық – алтын, қайтып келмес бұл күнде) ұғымдары арқылы көрінеді. Мағжан өлеңдерінде сыршыл символизм, терең философия, концептілік өрістің кеңдігі жатыр.

Бұл тұста Жүсіп Баласағұнның: «Еліңді сүй, ел сені құрметтесін» деген сөзімен үндестік бар. Жүсіп Баласағұн үшін туған жер – ұлттың ордасы, мемлекеттілік пен әділеттің бастау көзі. Ол «Құтты білік» дастанында ел мен жердің тұрақтылығы билеушінің әділдігіне, халықтың ынтымағына байланысты екенін қайталай отырып, туған жердің рухани қадірін алдыңғы орынға қояды.

Кім елін сүйсе – халқын сүйер,
Халқын сүйсе – заңды білер.
Жердің қадірін – елмен білер,
Елдің нарқын – ермен білер.

Оның пайымында туған жер – тек тұратын мекен емес, елге деген құрмет пен рухани жауапкершілікке үндейтін кеңістік.

Абай да туған елді сүйу концептісін терең толғайды: «Жазды күні шілде болғанда, көгорай шалғын бәйшешек» – деген жолдарда туған табиғатқа деген сүйіспеншілікпен бірге ұлттық таным көрініс табады. Абай үшін туған жер – балалықтың бесігі ғана емес, ақыл-ой мен жүрек тәрбиесін алған мекен. Ол Семей өңірінің табиғатын, Қарауыл, Жидебай сынды жерлерді өз өлеңдерінде табиғатпен қатар адам болмысына тікелей әсер ететін тірі бейне ретінде бейнелейді.

Жазды күн шілде болғанда,
Көгорай шалғын бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда.

Табиғат – туған жердің көркем бейнесі ғана емес, ауыл тұрмысының, адамның ішкі сезім әлемінің көрінісі.

Бірлік концептісі. Мағжан поэзиясында бірлік – ұлттың тірегі. Ол «Түркістан» өлеңінде: «Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой» – деп, тұтас түркі жұртын ортақ шаңырақ астына жинауға үндейді. Мұндағы «бірлік» концептісі тек саяси ғана емес, рухани мазмұнға да ие. Мағжан үшін бірлік – тек ішкі татулық емес, ұлттың тәуелсіздікке ұмтылған күресі. Ол:

«Бірлік керек, бірлік керек қазаққа,
Сонда ғана төнбейді сор азапқа» деп ұлттың тұтастығын еркіндікпен байланыстырады.

Жүсіп Баласағұн бірліксіз ел болмайтынын: «Бірлік түбі – тірлік», «Бірлік түбі – береке, бөлінгенді бөрі жейді» – деп түйіндейді. «Бірлік түбі – береке, елге келер мереке» деген идея «Құтты білік» дастанының өзегін құрайды. Ол үшін қоғамдағы әділеттілік пен берекенің басты шарты – бірлік.

Елің тату болса – жайлау төрің,

Елің араз болса – қаңғырар төрің

Баласағұн бірлікті тек рухани үндестік емес, мемлекеттілік пен басқару тетігінің тірегі деп бағалайды.

Абай халық ішіндегі алауыздықты ашық сынап, «біріңді қазақ – бірің дос, көрмесен істің бәрі бос» деп үндейді.

Бірлік – қайда болса, игілік сонда,

Береке – қайда болса, мереке сонда

«Бірлік керек елге!» – деп, ел ішіндегі татулықтың маңызын насихаттайды. Осылайша, үш ойшылда да бірлік – қоғамның тірегі, рухани тұтастықтың кепілі.

Ерлік концептісі. Мағжан үшін ерлік – ұлттың болашағы үшін жан беруге дайын батыр жүректің жыры. Ол Батыс пен Шығыстың идеяларын тоғыстырып, ерлікті Түрік рухымен байланыстырды:

Күншығыстан – Түрік оян,

Көтер басты, көрсет елге ерлікті!

«Батыр Баян» поэмасында: «Баяндай ерді тарихта сирек табарсың» немесе «Ол – Баян, жауға шапқан алдаспандай» – деп, батырлықты ұлттық идеал ретінде сипаттайды. «Батыр Баян» поэмасында ерлік, рух, ар-намыс мәселесі өзекті орын алады.

Баянның аруақты құр атынан

Көп қалмақ болмаушы ма ед қорқақ қоян?

Наркескен, өрттей ескен, қайтпас болат

Баянсыз қанатымды қалай жаям?!

Ақын ерлікті тек әскери әрекет емес, ұлттық рухтың көрінісі ретінде сипаттайды.

Ерлік жайлы түсінік Баласағұнда – ақыл мен әділетке негізделген парасатты батырлық. Ол ерді халық қамын ойлаған, елінің тыныштығын ойлаған тұлға ретінде сипаттайды.

Қылыш ұста – ел үшін ұста,

Елің тыныш болса – ерлігің ұста

Ол көбіне ерлік пен парасатты ұштастырып көрсетеді: «Батыр бол, біліммен айқас» (Құтты білік). Жүсіп Баласағұн батырлықты әділдікпен сабақтастырады: «Ер – елдің қорғаны, әділеттің жаршысы».

Бірі — дана, ғалымдар, зейінділер,

Бірі — хатшы, білсін дер кейінгілер.

Үшіншісі — жүректі ер, батырларың,

Жау десе, жайдай жайпар жасындарың.

Бұл үш түрлі ер бір жеңнен қол шығарса,

Қалған жұртты үйіріп, қоңсыға алса...

Ел болу үшін білім, хат, ерлік үшеуі бірігу керек, сонда біз алынбайтын қамалға айналамыз дегенді айтады.

Абай ерлікке тән қасиетті – ақыл, сабыр, қайрат арқылы пайымдайды:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек

Ол үшін шын ерлік – нәпсі мен надандыққа қарсы күресте айқындалады. Сондай-ақ ақын өлеңдерінде ерлік ақылмен астасады: «Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені» – деп, ер азаматтың сөзінде тұруын ерлікке балайды. Абайдың ерлік жайлы айтқан ойлары философиялық сипатқа ие: «Ер жігітке – он өнер де аз» – деп, нағыз ерге тән болмысты сипаттайды.

Тәңір концептісі. Мағжан шығармаларында Тәңір – рух пен ерліктің киелі тұғыры. Түрік баласының күресі – Тәңірмен байланысқан:

Тәңір өзі жебемесе,
Түрік қалай жеңбекші?

«Тәңір» концептісі – Мағжан поэзиясындағы діни емес, мифопоэтикалық элемент. Ол: Тәңірі сөзін сөйледім, Тәңіріден күш алдым» – дейді. Бұл жолдарда ақын өзін рухани миссия иесі ретінде көрсетеді.

Жүсіп Баласағұн еңбегінде де Тәңірге сенім басты философиялық негіздердің бірі ретінде көрінеді: «Тәңірі жарылқасын, тура жолдан айырмасын!» Сонымен қатар Тәңір – заң мен әділеттің бастауы, билеушінің іс-әрекетіне жауап беретін құдірет.

Тәңірім туралықпен жаратты елді,
Ел ішін әділдікпен ұста ерді.

Бұл – исламдық дүниетаным мен түркілік танымның үйлесімі.

Абайдың Тәңір жайлы түсінігі терең философиялық. Ол Алланы: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп жаратылыс пен болмыстың жалғыз шындығы ретінде бейнелейді. Ол үшін Тәңір – әділет пен махаббат. Дін философиясы күрделірек сипатқа ие, дегенмен ол да Жаратушы алдындағы жауапкершілікке ерекше мән береді:

Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, Алланың хикметін сез,

Не қызық бар өмірде онан басқа?! –деп Аллаға бет бұруды дүниенің мәні деп қабылдаса, «Махаббатпен жаратқан адамзатты» – деп, діннің этикалық мазмұнына назар аударады. «Алланың хикметін сезу мен адамды сүю туралы айтылған толғамды ой тек Абайдан ғана басталмағаны, шығыстық даналықты былай қойғанда, қазақи дүниетаным қалыптастырған әфсаналардан бастап, қазақ мақал-мәтелдері, ақын-жыраулардың шығармалары осындай ойды, осындай бағалауды айтып келе жатқаны, жырлап келгені аян. Абай жаңалығы – Абайша жаңа бағалауында, яғни бұрынғы айтылған білімді, жасалған тілдік тәжірибе мен ойлау жүйесіндегі шұрайлы талғамды сіңіре отырып, жаңа мазмұнда, ерекше формада, жаңа нәтижелермен жеткізуінде. Танымдық тәжірибе негізге алынып, уәжделіп, жаңа сапада халық игілігіне ұсынылуында», – деп түйіндеген ғалым А. Салқынбай (Абай Құнанбаевтың..., 2020).

«Аруақ» концептісі. Мағжан үшін – ұрпақ пен ата-баба арасындағы рухани көпір. Ол аруақты – рухани күреске шақыратын күш ретінде көрсетеді. Ақынның көптеген өлеңдері мен поэмаларында өткеннің ұлы тұлғалары мен батырларының рухы, олардың ерлігі мен мұрасы ерекше орын алады. Оның поэзиясында батырлар рухы, аруаққа үндеу – жиі кездесетін көркемдік құрал.»Батыр Баян» поэмасы – осының жарқын мысалы.

Батыр бабам аруағы
Дем берер арттан ұраны!

Бұл туындыда Мағжан атақты батыр Баянның ерлігін жырлай отырып, оның рухын асқақтатады. Ақынның бұл поэмасында Баян батырдың бейнесі арқылы қазақ халқының батырлық рухы мен ерлік дәстүрі дәріптеледі.

Баянсыз қанатымды қалай жаям?!
Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай,
Келмесе қандыбалақ Батыр Баян!

Бұл жолдарда Баян батырдың хан Абылай үшін қаншалықты маңызды тұлға екендігі, оның ерлігі мен рухының биіктігі суреттеледі. Ақын батырдың бейнесі арқылы халықтың

рухани күшін, аруаққа деген сенімін көрсетеді. Сонымен қатар, Мағжанның басқа да шығармаларында ата-баба мұрасын, олардың рухын құрметтеу, өткеннің өнегесін үлгі ету идеялары жиі кездеседі. Бұл оның шығармашылығында аруақ ұғымының жанама түрде болса да маңызды орын алатынын көрсетеді.

Абай аруақты бейнелеуде аса көп мән бермесе де, «Өлі разы болмай, тірі байымас» деп, «ата жолы», «ата аруағы» ұғымы арқылы дәстүр мен ұрпақ сабақтастығын меңзейді.

Жүсіп Баласағұн ата-баба аруағына құрметпен қарап, билеуші ел алдында ар-ожданы мен тегін ұмытпауы тиіс дейді:

Аруағын ұмытпа – бабаңның даңқы,
Соған лайық бол – адал бол халқыңа.

Қорытынды

Мағжан Жұмабаев, Абай Құнанбайұлы және Жүсіп Баласағұн шығармашылығындағы түркілік концептілер – халықтың тарихи жады мен дүниетанымының терең қабаттарын бейнелейтін мәдени-рухани категориялар. Бұл үш ақын – түрлі дәуірде өмір сүрсе де, баршасы ортақ түркілік рухқа, ұлттың діліне, жанына жақын іргелі ұғымдарды жырларына арқау етіп, оларды көркемдік биіктікке көтере білген. Олар түркілік рухты жаңғырта отырып, ұлт болашағына бағыт-бағдар беретін концептілерді көркем тілмен кестелеп, ұлттық поэзияны жаңа биікке көтерді.

Күн концептісі – Баласағұнда өмір мен жарықтың, рухани сергектіктің символы ретінде болса, Абайда Жаратушының сипатындай биік мәнге ие. Ал Мағжан поэзиясында күн – романтикалық образға айналып, махаббат пен арманның символы ретінде көрініс табады.

Туған жер концептісі – үш ақын үшін де тек географиялық ұғым ғана емес, ұлттың болмысымен біте қайнасқан рухани кеңістік. Жүсіп Баласағұн туған жерді мемлекеттің тұтастығы мен бірлігінің негізі деп білсе, Абай туған өлкені ақыл мен парасатқа жетелейтін мекен ретінде таниды. Мағжан үшін туған жер – аңсаулы сағыныштың, нәзік махаббат пен жүрек шерімен көмкерілген киелі мекен.

Бірлік пен Ерлік – түркілік ой кеңістігінің өзегі. Жүсіп Баласағұн «бірлігі кеткен ел – берекесіз» екенін нақылмен жеткізсе, Абай надандықтан арылу үшін де ел бірлігіне ден қояды. Мағжан ерлік пен бірлікті халықты оятатын, азаттыққа жетелейтін басты күш деп біледі.

Тәңір концептісі – барша түркілік дүниетанымның негізі. Жүсіп Баласағұн еңбегінде Тәңір әділет пен даналық иесі ретінде дәріптелсе, Абайда ол – ақыл, парасат бастауы. Мағжан туындыларында Тәңір – тарихтың иесі, халқының қорғаны.

Аруақ концептісі – өткенмен рухани байланыс, батырлықтың, ұлт жадындағы киелі күштің көрінісі. Жүсіп Баласағұнда аруақтың бейнесі арқылы даналықтың жалғасуы, Абайда рухани тәрбие идеясы байқалса, Мағжанның «Батыр Баян» поэмасында аруақ ұғымы ұлттық рухты жаңғырту құралы ретінде көрініс тапқан.

Үш ақын шығармашылығы арқылы біз тек көркем сөздің ғана емес, сонымен қатар ұлттық рухтың, тарихи сана мен түркілік дүниетанымның, дәстүр мен жаңашылдықтың сабақтастығын, уақыт пен кеңістіктен асатын рухани желіні танимыз. Бұл концептілер – тек лингвистикалық зерттеу нысаны емес, сонымен қатар халықтың болмысын, рухын, тарихи естелігін айғақтайтын баға жетпес мәдени мұра. Сондықтан олардың ғылыми талдауы – түркі руханиятының терең қатпарларын ашуға жол ашады.

Әдебиеттер тізімі

Сүлейменов, Ж. (құраст.). (2008). *Мағжан әлемі / Мир Магжана: зерттеулер, мақалалар, естеліктер*. Алматы, Алтын кітап.

Қабдолов, З. (2007). Мағжан Жұмабаев. *Таңшолпан*, № 1.

Джусупов, Н. (2004). Проблема концепта в современной лингвистике. *Преподавание языка и литературы: Научно-методический журнал*, (4).

Жұмабаев, М. (2006). *Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер*. Құраст. Ж. Сүлейменов. Петропавл, Полиграфия.

Құнанбайұлы, А. (2012). *Толық шығармалар жинағы (Т. 1)*. Алматы, Жібек жолы.

Абай. (2014). *Сен де бір кірпіш дүниеге: Өлеңдер мен қара сөздер*. Алматы, Атамұра.

Егеубаев, А.Қ. (ауд.). (2007). *Әдеби жәдігерлер (20 т. сериясы, 5-т.: Жүсіп Баласағұн. Құтты білік)*. Алматы, Таймас.

Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «Хакім Абай – әлемдік өркениет феномені» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. (2020). Павлодар, Торайғыров университеті.

References

Süleimenov, Zh. (Comp.). (2008). *Mağzhan älemi / Mir Magzhana: zertteuler, maqalalar, estelikter*. [The World of Magzhan / Mir Magzhana: Studies, Articles, Memoirs] Almaty, Altın kitap.

Qabdolov, Z. (2007). *Mağzhan Zhumabaev*. [Magzhan Zhumabaev] *Taңsholpan*, № 1.

Dzhusupov, N. (2004). Problema kontsepta v sovremennoi lingvistike. [The Problem of the Concept in Modern Linguistics]. *Prepodavanie yazyka i literatury: Nauchno-metodicheskii zhurnal*, (4).

Zhumabaev, M. (2006). *Öleñderi, prozasy jäne ädebi zertteuler*. [Poems, Prose, and Literary Studies]. Qūrast. Zh. Süleimenov. Petropavl, Poligrafia.

Qunanbaiuly, A. (2012). *Tolyq syğarmalar jınaғы (Т. 1)*. [Complete Works Collection] Almaty, Jibek joly.

Abai. (2014). *Sen de bir kirpiş diñiege: Öleñder men qara sözder*. [You Too Are a Brick in This World: Poems and Prose] Almaty, Atamura.

Egeubaev, A.Q. (trans.). (2007). *Ädebi jädigeler* [Literary Monuments] (20 t. seriiasy, 5-t.: Jūsip Balasağun. Qutty bilik). Almaty, Taimas.

Abai Qunanbaevtiñ 175 juldıgyna arnalğan «Hakim Abai – älemdik örkeniet fenomeni» atty halyqaralyq ғылыми-тәжірибелік konferentsiiasynyñ materialdary. [Proceedings of the International Scientific-Practical Conference Dedicated to the 175th Anniversary of Abai Qunanbaev "Hakim Abai – A Phenomenon of World Civilization."] (2020). Pavlodar, Toraiğyrov universiteti.

Zh.S. Talaspayeva

Manash Kozybayev North Kazakhstan university, Petropavl, Kazakhstan

(E-mail: talaspayeva@inbox.ru)

Harmony of Spirit and Word: The Unity of Turkic Concepts in the Works of Magzhan, Abai, and Yusuf Balasaguni

Abstract. This article provides a comprehensive examination of the system of Turkic concepts in the works of the prominent early twentieth-century poet Magzhan Zhumabayev. The study explores the semantic layers of notions such as "Sun," "Motherland," "Unity," "Bravery," "Ancestor Spirit (Aruaq)," and "Tengri" in his poetry, analyzing their role and function within the historical memory and national worldview of the Kazakh people. These concepts are interpreted not merely as linguistic devices but as artistic-cognitive units that embody the spiritual essence of the people. Magzhan Zhumabayev is regarded not only as a continuer of Turkic spiritual heritage but also as a poet who adapted it to the demands of modernity, endowing Kazakh literature with profound philosophical depth. Through the concepts of

“Tengri” and “Ancestor Spirit (Aruaq), his poetry reflects mythopoetic and epic dimensions, while simultaneously articulating historical and existential insights. The article compares these concepts in Magzhan’s works with those found in the writings of Abai Qunanbaiuly and Yusuf Balasaguni, thereby highlighting the continuity of Turkic worldview and artistic tradition. Furthermore, issues of national character, folkloric traditions, cultural codes, and historical consciousness in the poet’s lyrics are addressed. The linguistic artistry, metaphorical imagery, and poetic structure of Magzhan’s works are also given due consideration. Through his poetry, the renewal of national consciousness and ideas is vividly expressed, underscoring his significant place in Kazakh literature.

Keywords: Magzhan Zhumabayev, concept, Turkic worldview, Kutadgu Bilig, Abai, linguistic and cultural studies.

Ж.С. Таласпаева

*Северо-Казахстанский университет имени Манаши Козыбаева,
Петропавловск, Казахстан
(E-mail: talaspaeva@inbox.ru)*

Гармония духа и слова: единство тюркских концептов в произведениях Магжана, Абая и Юсуфа Баласагуни

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается система тюркских концептов в творчестве выдающегося поэта начала XX века Магжана Жумабаева. В ходе исследования раскрывается семантика таких понятий, как «Солнце», «Родина», «Единство», «Доблесть», «Аруах» и «Тенгри», анализируется их место и функция в исторической памяти и национальном мировоззрении казахского народа. Эти концепты трактуются не только как языковые средства, но и как художественно-когнитивные единицы, отражающие духовную сущность народа. Магжан Жумабаев предстает не только продолжателем тюркского духовного наследия, но и поэтом, сумевшим преобразовать его в соответствии с требованиями нового времени и насытить казахскую литературу глубокой философской проблематикой. Через концепты «Тенгри» и «Аруах» в его поэзии находят выражение мифопоэтические и эпические черты, а также исторические и экзистенциальные размышления. В статье сопоставляются данные концепты в поэзии Магжана с произведениями Абая Кунанбаева и Юсуфа Баласагуни, поднимаются вопросы преемственности тюркского мировоззрения и художественной традиции. Кроме того, анализируются национальный характер, фольклорные традиции, культурные коды и историческое сознание, отразившиеся в лирике поэта. Особое внимание уделяется языковой выразительности, метафорике и поэтической структуре произведений Магжана. Через его поэзию на художественном уровне представлено обновление национального сознания и идей, что определяет значимое место поэта в казахской литературе.

Ключевые слова: Магжан Жумабаев, концепт, тюркское мировоззрение, Кутадгу билиг, Абай, лингвокультурология.

Авторлар туралы мәлімет:

Таласпаева Ж.С. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ., Қазақстан ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8209-5116>

Information about authors:

Talaspayeva Zh.S. – Candidate of Philological Sciences, Professor, M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8209-5116>

Сведения об авторах:

Таласпаева Ж.С. – кандидат филологических наук, профессор, Северо-Казахстанского университета имени М.Козыбаева, Петропавловск, Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8209-5116>